

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық үйімдерді бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы N 220 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 05 маусымда N 2-14-130 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы N 179 қаулысымен

Ескеरту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің 18.06.2013 N 179 қ а у л ы с ы м е н .

Р К А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағы 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерде жұмыс орындарынан квота белгіленсін.

2. "Көксу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Шаяхметова Айгүл Нұртайқызы) және "Көксу ауданының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі (Атайбеков Айдос Әбілқасымұлы) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық үйымдардың кәмелетке толмаған бітірушілеріне белгіленген квота бойынша бос жұмыс орындарына жолдаманы қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Садықова
Әлия Секерғаликызына жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. Өсербаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК